

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ**



**ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ
УНИВЕРСИТЕТІ**

БЕКІТЕМІН
Қазтұтынуодағы Қарағанды
университетінің ғылыми жұмыс
және инновациялар жөніндегі
проректор, э.ғ.д., профессор



М.Р. Сихимбаев
01 2026 ж.

**«ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС»
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША
ХVІІІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПӘНДІК ОЛИМПИАДАНЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Қарағанды қ.
2026

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасы бойынша XVIII Республикалық студенттік пәндік олимпиадасы (бұдан әрі – Олимпиада) Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары студенттері арасында базалық жоғары оқу орындарында Республикалық пәндік олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу бойынша ұсыныстарға сәйкес өткізіледі.

1.2. Олимпиада әлеуметтік жұмыс саласындағы болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамыту, дарынды студенттік жастарды анықтау және қолдау мақсатында өткізіледі.

1.3. Олимпиадаға Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының «Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттері қатысады.

1.4. Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- студенттердің оқу-білімдік және ғылыми-зерттеу қызметін ынталандыру;
- студенттердің кәсіби-жеке әлеуетін ашу, аналитикалық және жобалық құзыреттіліктерін дамыту;
- болашақ әлеуметтік жұмыс мамандарының әлеуметтік жауапкершілігі мен кәсіби идентичтілігін қалыптастыру;
- ең талантты және дарынды студенттерді іріктеу және қолдау;
- студенттерді қазіргі қоғамдағы өзекті әлеуметтік мәселелерді шешуге тарту;
- әлеуметтік жұмыста инновациялық және цифрлық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту;
- дарынды жастарды қолдау, студенттердің интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыруға ықпал ету.

1.5. Олимпиаданы ұйымдастырушылар – Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің (бұдан әрі – ҚҚарУ) Психология, педагогика және әлеуметтік жұмыс кафедрасы және Тұрақты даму және креативті индустриялар ғылыми-зерттеу орталығы.

1.6. Олимпиада тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

1.7. Өткізу формасы: офлайн.

1.8. Олимпиаданы дайындау және өткізу туралы ақпарат Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің сайтында – <https://keu.edu.kz/> («Ғылым» бөлімі – «НИРС» тарауы) және университеттің @official_karuk Instagram парақшасында орналастырылады.

II. ОЛИМПИАДА ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

2.1. Олимпиадаға Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының күндізгі бөлімінің бакалавриат білім алушылары (бұдан әрі – қатысушылар) қатысады.

2.2. Олимпиадаға қатысу үшін ЖОО «Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасының 2-4 курстарының (қазақ және орыс тілдерінде оқитын) 3

білім алушысынан тұратын 1 команда жібере алады. Білім алушыларды міндетті түрде ЖОО оқытушылары немесе әкімшілік персонал арасынан топ жетекшісі алып жүруі тиіс.

2.3. Республикалық олимпиада өткізілетін ҚҚарУ білім алушылары Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының студенттері арасында базалық жоғары оқу орындарында Республикалық пәндік олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу бойынша ұсынымдарға сәйкес конкурстан тыс қатысады.

III. ОЛИМПИАДАНЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

3.1. Олимпиаданы өткізу үшін Ұйымдастыру комитеті және Конкурстық комиссия құрылады.

3.2. Ұйымдастыру комитеті Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің Психология, педагогика және әлеуметтік жұмыс кафедрасы және Тұрақты даму және креативті индустриялар ғылыми-зерттеу орталығының профессорлық-оқытушылық құрамынан құрылады. Конкурс комиссиясының құрамына университеттің профессорлық-оқытушылық құрамынан, ғылыми-зерттеу ұйымдарының, мемлекеттік және әлеуметтік мекемелердің, үкіметтік емес ұйымдардың және кәсіби қоғамдастықтың басқа да өкілдерінен қатысушылар кіреді және университет Ректорының бұйрығымен бекітіледі.

3.3. Олимпиаданы Ұйымдастыру комитетінің төрағасы Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректор болып табылады.

3.4. Олимпиаданы жедел басқаруды Ұйымдастыру комитеті төрағасының орынбасары немесе жауапты хатшы жүзеге асырады.

3.5. Ұйымдастыру комитеті келесі қызметтерді атқарады:

- олимпиаданы өткізу регламентін бекітеді;
- Конкурстық комиссияның құрамын қалыптастырады;
- олимпиада іс-шараларын тікелей өткізуді қамтамасыз етеді;
- олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің тізімін бекітеді;
- олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттайды;
- олимпиаданы өткізу кестесі, қатысушылар құрамы, жеңімпаздар мен жүлдегерлер туралы ақпарат пен регламентке еркін қолжетімділікті қамтамасыз етеді;
- конкурс тапсырмаларын (кейстерді) және әлеуметтік стартап-жобаларға қойылатын талаптарды әзірлейді;
- орындалған тапсырмаларды бағалау критерийлері мен әдістемелерін анықтайды;
- олимпиаданы өткізу мақсаттарына жетуге бағытталған басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

3.6. Олимпиаданың Конкурстық комиссиясы келесі қызметтерді атқарады:

- олимпиада қатысушыларының жеке тапсырмаларын орындау нәтижелерін тексереді;
- олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің кандидатураларын анықтайды;
- Ұйымдастыру комитетіне олимпиаданы ұйымдастыруды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;
- олимпиаданы өткізу мақсаттарына жетуге бағытталған басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

3.7. Олимпиаданың Конкурстық комиссиясының шешімдері оның барлық мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді және қорытынды нәтижелер туралы бұйрықты дайындау үшін Ұйымдастыру комитетіне беріледі.

3.8. Конкурстық комиссияның шешімі соңғы болып табылады және қорытынды шығарылғаннан кейін 1 сағат ішінде шағымдануға жатады.

IV. ОЛИМПИАДАНЫ ӨТКІЗУ РЕГЛАМЕНТІ

4.1. Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының студенттері арасында базалық жоғары оқу орындарында Республикалық пәндік олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу бойынша ұсынымдарға сәйкес Олимпиада 2 кезеңде өткізіледі:

- 1) бірінші кезең – ЖОО ішінде;
- 2) екінші кезең – базалық жоғары оқу орындарында.

4.2. Олимпиаданың I кезеңінің (ЖОО ішіндегі) қорытындысы бойынша ректордың бұйрығымен бекітілетін ЖОО-ның конкурстық комиссиясы конкурстың II кезеңіне қатысу үшін ЖОО-ның үздік білім алушыларды конкурстық негізде іріктейді және базалық ЖОО-ға жіберіледі.

4.3. Олимпиаданың II кезеңіне қатысу үшін 2026 жылғы 20 наурызға дейін Олимпиада ұйымдастыру комитетіне (электрондық пошта: olimpiada_sr2026@mail.ru) «Олимпиада СР 2026 – ЖОО атауы» деген белгімен келесі құжаттарды жолдау қажет:

- Құжат формасы бойынша өтініш (Қосымша 1);
- Бірінші кезеңнің нәтижелері туралы ректор (проректор) қол қойған хат немесе университет Ғылыми кеңесінің шешімі, хаттама түрінде ресімделген;
- I (университет ішілік) кезеңнің нәтижелері туралы Конкурс комиссиясының хаттамасының үзіндісі;
- Студенттердің жеке куәліктерінің көшірмелері;
- Студенттердің оқу орнынан анықтамалары.

4.4. Өтініштер қаралғаннан кейін Олимпиада қатысушылары өтініштерде көрсетілген электрондық пошта мекенжайлары бойынша Олимпиада ұйымдастыру комитетінен шақыру алады. Ұйымдастыру комитеті қажетті құжаттар толық немесе сенімді түрде берілмеген жағдайда өтінішті қабылдамауға құқылы.

4.5. Олимпиада екі кезеңде өткізіледі:

- Бірінші кезең – жеке (кейстерді шешу);

– Екінші кезең – командалық әлеуметтік стартап-жобалар конкурсы «Social Tech».

4.6. Бастамас бұрын әр қатысушы/команда өзін және университетін таныстырады (2–3 минут).

4.7. Бірінші кезең – жеке (кейстерді шешу): Әр қатысушы әлеуметтік жұмыс тәжірибесінен бір проблемалық жағдай алады.

Кейсті шешуге арналған уақыт – 30 минут.

Қорғауға берілетін уақыт – 7 минутқа дейін.

Бағалау критерийлері: құзыреттілік, шешімнің шынайылығы, дәлелділігі, ұсыныстардың практикалық маңызы.

4.8. Екінші кезең – командалық әлеуметтік стартап-жобалар конкурсы «Social Tech»:

Командалар өзекті әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған инновациялық жобаларды ұсынады, онда цифрлық технологиялар (Digital tools) және жасанды интеллект (AI) Social Tech форматында қолданылады.

Стартап-жобаны қорғауды бір қатысушы немесе команда жүзеге асырады. Стартап-жобаны таныстыру уақыты: дайындау уақыты – 2 минут; бизнес-жобаны таныстыру – 7 минут; «Сұрақтар/жауаптар» сессиясы – 3 минут.

Қатысушыларға сөз сөйлеу алдында (дайындық кезінде) Конкурстық комиссияға бизнес-жобаның қысқаша сипаттамасы бар үлестіру материалын тарату ұсынылады.

Стартап-жоба әрбір келесі критерийлер бойынша 1-ден 5 баллға дейін бағаланатын болады: өзектілігі; бірегейлігі; жобаның іске асырылуы; инвестициялық тартымдылық; ауқымдылығы; жобаны ұсыну шеберлігі; презентация мазмұны; материалды беру ерекшелігі.

4.9. Стартап-жоба келесі тақырыпшаларға байланысты болуы керек:

– Клиенттерді кейс-менеджмент және сүйемелдеу үшін AI шешімдері;

– Әлеуметтік қауіп-қатерлерді диагностикалау және бағалау үшін цифрлық құралдар;

– Әлеуметтік қолдау саласында чат-боттар және цифрлық консультанттар;

– Әлеуметтік қызметтерді үйлестіру онлайн платформалары;

– Әлеуметтік проблемаларды болжауға арналған аналитикалық жүйелер;

– Осал топтармен жұмыс істеуге арналған цифрлық шешімдер.

4.10. Әр турда командалар ұпай алады, олар кейіннен жинақталады.

4.11. Қорғау кезінде сызбалар, формулалар, иллюстрациялық материалдар және т.б. бар бейнепрезентация көрсетілуі мүмкін.

4.12. Конкурстық құжаттар Ұйымдастырушыда сақталады және кері қайтарылмайды.

4.13. Әр команда олимпиадаға 1 стартап-жобадан артық ұсына алмайды.

4.14. Командалар жіберген жобалар Антиплагиат жүйесі бойынша тексерілетін болады. Жалған деректердің болуы немесе тиісті сілтемелерсіз көшіріп алынған материалды пайдалану фактісі анықталған жағдайда, команда олимпиадаға қатысудан алынады.

4.15. Олимпиадаға жіберілген материалдардың мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеуі тиіс. Басқа адамдардың қадір-қасиеті мен сезімдерін қорлайтын материалдар қабылданбайды.

4.16. Конкурса қатысатын жұмыстар бойынша авторлық құқықтардың сақталуына Олимпиадаға жұмысты жіберген қатысушы (команда) және ғылыми жетекші жауапты болады.

4.17. Ұйымдастырушылар жіберілген материалдарды университет сайтында және әлеуметтік желілерде ашық орналастыру үшін пайдалануға құқылы.

V. ОЛИМПИАДА ҚОРЫТЫНДЫСЫ

5.1. Олимпиаданың түпкілікті қорытындылары Конкурстық комиссияның қорытынды отырысында шығарылады.

5.2. Ең жоғары орташа қорытынды балл жинаған қатысушылар жеңімпаз деп танылады.

5.3. ЖОО-ның Конкурстық комиссиясы жүлдегерлерді келесі тәртіпте марапаттауға ұсынады:

1 орын үшін – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің I дәрежелі дипломымен (бір білім алушыдан артық емес);

2 орын үшін – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің II дәрежелі дипломдарымен (екі білім алушыдан артық емес);

3 орын үшін – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің III дәрежелі дипломдарымен (үш білім алушыдан артық емес).

5.4. Конкурстық комиссия Олимпиадаға қатысушыларды марапаттау үшін қосымша номинацияларды бекітуге құқылы. Орындардың болуы және саны осы Ережемен регламенттелмейді.

5.5. Олимпиаданың нәтижелерін жариялау және жеңімпаздарды марапаттау **2026 жылғы 17 сәуірінде** Олимпиада жұмысы аяқталғаннан кейін өткізілетін салтанатты іс-шарада өтеді.

5.6. «Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасы бойынша келесі Олимпиадада білім алушысы I орын алған ЖОО базасында өтеді.

5.7. Дипломдар мен алғыс хаттар ғылыми жетекшілерге **2026 жылдың 1 маусымына** дейін электронды пошта арқылы жіберіледі.

5.8. Осы ереженің немесе регламенттің қолданылу аясынан тыс қалған барлық даулы мәселелерді немесе сұрақтарды Олимпиаданы Ұйымдастыру комитеті жедел тәртіппен шешеді. Ұйымдастыру комитеті төрағасының осындай мәселелер бойынша шешімі соңғы болып табылады.

5.9. Олимпиада нәтижелері **2026 жылдың 25 сәуіріне дейін** Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің ресми сайтында – <https://keu.edu.kz/> («Ғылым» бөлімі – «НИРС» тарауы) жарияланады.

VI. ҚОСЫМША АҚПАРАТ

6.1. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша жұмыс күндері, сағат 10:00-ден 16:00-ге дейін хабарласуға болады:

1) +7 (702) 447 34 47 – Жартай Жанибек Маратович, Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің Тұрақты даму және креативті индустриялар ғылыми-зерттеу орталығының директоры;

2) +7 (708) 228 81 72 – Рахымова Индира Құрметқызы, Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің Психология, педагогика және әлеуметтік жұмыс кафедрасының меңгерушісі.

6.2. Олимпиаданы Ұйымдастыру комитетінің электрондық поштасы: olimpiada_sr2026@mail.ru. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу туралы ақпарат www.keu.edu.kz сайтында орналастырылатын болады.

6.3. Олимпиаданы өткізу мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Академическая көшесі, 9 үй, 262 кабинет.

6.4. Осы Ереже Олимпиаданың ұйымдастыру комитетінің шешімімен өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

Ереже Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының студенттері арасында базалық жоғары оқу орындарында Республикалық пәндік олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу бойынша ұсыным негізінде әзірленген.

«Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасы бойынша XVIII Республикалық студенттік пәндік олимпиаданы өткізу туралы Ереже Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті Ғылым бойынша Координациялық кеңесінің отырысында қаралды, № 1 хаттама, 29 қаңтар 2026 ж.

Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің
Ғылым бойынша Координациялық кеңесінің
төрағасы, э.ғ.д., профессор



М.Р. Сихимбаев

ӨТІНІМ*

1. Қатысушының аты-жөні (толық)
2. Білім беру бағдарламасының шифры, курсы, оқыту тілі
3. ЖОО (толық атауы)
4. Тұратын мекен-жайы
5. Қатысушының байланыс телефоны / E-mail
6. Топ басшысының аты-жөні, лауазымы, байланыс телефоны және e-mail

Ректордың (Проректордың) аты-жөні
Қолы

Оқу орнының мөрі

** Өтінім әрбір қатысушыға жеке толтырылады*